

Ақтобе облысының білім басқармасы

Алға ауданының білім бөлімі

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі

ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА

Мектепалды сыныптарына арналған
бағдарлама

2023 жылы

Ауданының білім бөлімінің expertтік кеңесінде бекітілді

Хаттама № 1

«29» 08 2023 жыл

Аудандық білім

бөлімінің әдіскері: 

Бектұрғанова Ш.О

Құрастырған:

Дүйсенова К.М.

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің даярлық сынып тәрбиешісі, педагог-модератор

Пісір жазғандар:

Балманова А.И №1 Алға мектеп Бақпасының тәрбиешісі. Педагог-сарапшы.

Ешімова А.Т №1 Алға мектеп бақпасының тәрбиешісі, педагог-модератор.

Берілген жоспардың вариативтік бөліміне арналған «Қызықпен математика» бағдарламасы математикалық сауаттылыққа, тапқырлыққа, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған.

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену бәсеңділігін қалыптастыру қажет. «Қызықты математика» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. «Қызықты математика» вариативтік компонент мектепке дейінгі (5- жас) жастағы балаларға мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой-өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал. Ұсынылып отырған «Қызықты математика» вариативтік компонент 5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәңгі белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар негізгі тақырыптарды жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр», «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін, көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындарды және «тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Бағдарламаның мақсаты:

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.;
- талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қызығушылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;
- зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту,

«Қызықты математика» вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағатқа арналған.

Білім, білік дағдылары:

Қарапайым математиканы қажетті салада қолдана білу
мүмкіндіктері жөнінде түсініктерін қалыптастыру,
заттарды санаудың, салыстыру, жай есептер шығару;
Амалдың мән-мағынасы атаулары, есептеу тәсілдерін,
жай есептер құрудың тиімді жолдарын пайдалана білу;

Пікір

Бағдарлама жоспардың вариативтік бөліміне арналған «Қызықты математика» пәнінің перспективтік жоспары «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы негізінде құрастырылған. Қызықты математика сабағында жас балдырғандар дидактикалық ойындар, (ұлттық ойындар) математикалық ребустарды, математикалық фокус, жаңылтпаштар, мақал-мәтел, сөзжұмбақтарды шешу, қызықты әзіл есептерді шығару, Математикалық ертегілер, логикалық жаттығуларды орындау оқушының ақыл – ойын, қиялын, интеллектуалдық ой-өрісінің ұшқырлығын дамытады. Таңдаулы

курстың алға қойған мақсаты мен міндеттері талапқа сай алынған. Бағдарлама тақырыптары тараулар бойынша сағаттарға бөлінген. Берілген тақырыптар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған. Бағдарламаны мектепте және аудан мектептері аумағында қолдануға болады деп есептейміз.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Математика әлемін»	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6 санының пайда болуымен, 0 ден 6 дейінгі цифрмен таныстыру.	1
2	«Қай жерде тұр?» Кеністікті бағдарлау	Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру	1
3	«Заттардың қасиеті, пішіні, шамасы».	Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.	1
4	«Геометриялық фигуралар	Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні) жеру.	1
5	«Түсін ата»	Заттың атын атау арқылы, түстерін ажыратып білуге үйрету. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.	1
6	«Өз үйіңді тап»	Балаларды түстерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау, көріп - таңу, қабылдауын дамыту. Ойынның ережесін сақтауға үйрету.	1
7	«Ғажайып тапсырма әлемін»	Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру.	1
8	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Мақсаты: Ойлай отырып, заттар арқылы санауды үйретуді жалғастыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	1
9	«3 саны және цифры»	Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету.	1

10	«Ауыр-жеңіл. Заттарды өлшеу туралы түсінік».	Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.	1
11	«Бұл қай кезде болады»	Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін тәулікті уақытты ажырата білуге үйрту.	1
12	«Өз ұшыағын тап»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту	1
13	«Зат неге ұқсайды?»	Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту.	1
14	«Сипарлы қораптың қызықтары»	Заттың қасиеттерін олардың белгілері туралы білімдерін қайталау	1
15	«Кішкентай тапқырлар»	Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	1
16	«Логиктарға тапсырма»	Балалардың логикалық тапсырмалар түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	1
17	«Көңілді логиктар»	Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін тапсырмалар арқылы байқампаздыққа баулу.	1
18	«Кірпінің қызықты тапсырмалары»	Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру, жеңістікте орналасу қалпын біледі.	1
19	Логика сыры	Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру.	1
20	«Қоянның көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақтарды ішеңе білуге дағдыландыр.	1
21	Ойнап жүріп, ойлайық!	Балалардың зиянін қызықты тапсырмалар арқылы жетілдіру.	1
22	«Ойлан тап»	Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру	1

23	«Ойшайық, шешпей оны қоймайық»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру	1
24	«Тез ойла,ойна!»	Санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	1
25	«Математика әлемінде»	Геометриалық денелерді атау, ажырата білулерін қалыптастыру	1
26	Кім жылдам?	Сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға үйрету.	1
27	«0-10 сандары.Тура және кері санау»	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру,көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.	1
28	«0-10 сандары.Тура және кері санау»	0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?» , «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. дамыту.	1
29	«Логикалық жаттығулардың сінқыры»	кеңістікте бағдарлай алуға , зейіндерін,қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы дамыту	1
30	«Пішіндер тапсырмалары»	Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру,логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	1
31	Қызықты тапсырмалар	Заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	1
32	«Зат және оның бөлшектері . Бүтін және бөлшек»	Бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жаны мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.	1
33	«Қызықты математика»	Ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту	1
34	«Сандықтағы қызықты тапсырмалар»	Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту.	1
Барлығы : 34 сағат			

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін анықтап отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;
- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру